

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті**  
**2025 жылдың 16-17 сәуірде білім беру бағдарламалары бойынша өткен**  
**«HR FORUM & JOB FAIR: Жас мамандарға жаңа мүмкіндіктер» форумының**  
**қорытынды есебі**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті ұйымдастыруымен 2025 жылдың 16-17 сәуірде білім беру бағдарламалары бойынша өткен «HR FORUM & JOB FAIR: Жас мамандарға жаңа мүмкіндіктер» форумы өтті.**

Форум екі бағытта өтті ( педагогикалық, өндірістік бағыт бойынша).

Бұл шара — жас түлектер мен студенттер үшін жаңа мүмкіндіктер алаңы болды. Форум аясында қатысушылар:

- Түрлі саладағы жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатты;
- Бос жұмыс орындары мен тағылымдамалар туралы ақпарат алды;
- HR саласындағы үздік мамандардың тәжірибесімен танысып, олардың кеңесін тыңдады.

Шараға Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы, «Еңбек мобильдігі орталығы», «Отбасы банк» («Дипломмен ауылға» т.б. мемлекеттік бағдарламаларды таныстыру) және ҚР ҰҚК Шекара қызметінің өкілдері қатысты.

Жиында университет ректоры Махметғали Сарыбеков форумының жастардың кәсіби болашағына бағыт-бағдар беретін маңызды алаң екенін атап өтті.

Ал, форумда спикер ретінде сөз алған Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының басшысының міндетін атқарушы Лаззат Абильдаевна жас мамандарға қолдау көрсету аймақтың басты басымдығы екендігін жеткізді.

Форум барысында Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті мен білім басқармасы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, кадр тапшылығы мен ауыл мектептеріне маман тарту мәселелері талқыланды.

Жиын соңында Жамбыл облысы әкімдігінің Жастар ресурстық орталығының директорының орынбасары, ақын және аталған университет түлегі Медеу Мырзатай: «Менің жолым осы университет қабырғасынан басталды. Жас маманға ең керегі – сенім мен мүмкіндік. Бүгінгі форум – дәл сол екі ұғымды біріктіріп отыр», – деп жастарға мотивациялық ой тастады.

Сондай-ақ, форумға қатысқан қонақтарға алғыс хаттар табыс етіліп, бейресми форматтағы кофе-брейк пен сұхбаттасу алаңы да ұйымдастырылды.

Педагогикалық бағыт бойынша форумда университет түлектері мен жұмыс берушілер тікелей байланыс орнатып, тәжірибе бөлісті.





*Форумының екінші күні өндірістік бағытта өтті.*



Бұл жолы форум өндірістік бағытқа арналып, түлектер мен жұмыс берушілер арасындағы байланысты одан әрі нығайтуды көздеді.

Ауқымды іс-шараның басты мақсаты – университет түлектері мен жұмыс берушілер арасында ашық диалог орнатып, пікір алмасуға, кәсіби тәжірибемен бөлісуге және нақты жұмыс мүмкіндіктерімен танысуға жағдай жасау.

Форумға спикер ретінде «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Жамбыл облысы бойынша филиалы, «Қазфосфат» ЖШС, «Отбасы банк» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және Жамбыл облысы әкімдігінің цифрлық технологиялар басқармасының өкілдері, Жамбыл облысы бойынша Полиция департаментінің өкілдері, Қалалық Прокуратура прокуроры қатысты.



Форум алаңында Жамбыл облысындағы жетекші өндіріс орындары мен мемлекеттік мекемелердің өкілдері студенттермен тікелей сұхбат құрып, еңбек нарығындағы жаңа талаптар мен кәсіби дағдылар туралы ой бөлісті.

Сала мамандары:

- өндірістегі автоматтандыру мен технологиялық даму,
- уақытша жұмыс арқылы тәжірибе жинау,
- жастарды ауылдық жерлерге тарту,
- цифрлық басқару жүйелеріндегі жаңа кадрларға сұраныс сынды маңызды мәселелерді көтерді.

Шара аясында қатысушылар өндірістік кәсіпорындардың кадрлық сұранысы, кәсіби тәжірибеден өту мүмкіндіктері, түлектерді жұмысқа қабылдау талаптары секілді өзекті мәселелерді талқылады. Сонымен қатар, студенттер мен жас мамандар өз сауалдарын қойып, компания өкілдерінен тікелей жауап алды.

Форум соңында бірнеше кәсіпорын мен түлектер арасында байланыс орнап, болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктері қарастырылды.

Жәрмеңке аясында студенттерге мекемелер тарапынан интернет желісіне [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz), сайтынан бос вакансияларын жариялап отыратындықтарын ескертіп, дипломдарын алғаннан соң келіп түйіндемелерімен келіп жұмыспен қамту орталығына хабарласуларын өтінді.

Жиын соңында университет бітіргелі отырған студенттер жұмыс беруші мекеме өкілдерімен жеке сұхбаттар жасап, мол мәлімет алып жұмысқа орналасуына ұсыныстар алды. олар:

№	БББ	Студенттің аты-жөні	Мекеме
1	Биология-санитарлық эпидемиология	Сагынбаева Гулдана	Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты ЖШС-ң Жамбыл ветеринария ғылыми-зерттеу стансасы филиалының директоры А.А. Тлепов
2	Математика және физика	Бердали Абдрахим	Жамбыл атындағы №5 мектеп гимназия
3	Химия	Мейірхан Адемі	Qazaq Soda (Казах сода) ЖШС-нің мамандар бөлімі
4	Химия	Абдраманова Айгерім	Qazaq Soda (Казах сода) ЖШС-нің мамандар бөлімі
5	Химия	Ғизат Әлжан Насибуллаұлы	Qazaq Soda (Казах сода) ЖШС-нің мамандар бөлімі
6	Құқықтану	Жолдыбаев Азат	Жамбыл облысы Полиция

		Қалдыбайұлымен	Департаменті тәрбие және кадр жұмысы басқармасы бастығының орынбасары
7	Құқықтану	Базарбаев Диёрбек Шарофаддинуглимен	Жамбыл облысы бойынша Жеке сот орындаушысы – Пралиев Бахыт Мейірбекұлы
8	Құқықтану	Зинатдин Арман Сағынбайұлымен	Жамбыл облысы Полиция Департаментінің Криминалистика Басқарма басшысы
9	Құқықтану	Ахметқали Амина Талғатқызы	Жамбыл облыстық прокуратурасының кадрлық жұмыс тобының басқарма прокуроры
10	Құқықтану	Таттыбаева Жібек Асқатқызымен	Жамбыл облыстық прокуратурасының кадрлық жұмыс тобының басқарма прокуроры
11	Құқықтану	Жақсылықова Назерке Аманжолқызымен	ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша Департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы
12	Құқықтану	Селеусін Әділет Мақсұтбекұлы	ҚР ҰҚК ШҚ Шекара Департаменті басшысы
13	Құқықтану	Ешенқұлов Нұрболат Қалмаханұлымен	ҚР ҰҚК ШҚ Шекара Департаменті басшысы
14	Ақпараттық жүйелер	Суузоз Бахтияр Абдуманапович	«Жамбыл облысының жобалық басқару және цифрландыру орталығы» КММ
15	Ақпараттық жүйелер	Сахмолдин Ернұр Алемұлы	«Тамса» ЖШС
16	География	Жұма Сымбат Қуанышбекқызы	«АЕС High school»
17	Тарих	Копбосун Нұрбек Амиртайұлы	«Тараз қаласының мемлекеттік архиві»
18	Көркем еңбек және сызу	Жолдыбаева Аяулым Бақытжанқызы	Бүркітәлі орта мектебі
19	Көркем еңбек және сызу	Умсейт Ұлбала Бақытжанқызы	Бүркітәлі орта мектебі
20	Дене шынықтыру және спорт	Суиндиқова Асема Сәкенқызы	Бүркітәлі орта мектебі
21	Дене шынықтыру және спорт	Инкарбекова Жанерке Нұрланқызы	Бүркітәлі орта мектебі
22	Дене шынықтыру және спорт	Тұрғанбеков Айболат Ардақұлы	Бүркітәлі орта мектебі
23	Дене шынықтыру және спорт	Абдраимова Элизат Болатовна	Дельфин орталық жүзу бассейні
24	Дене	Пягай Вячеслав	Дельфин орталық жүзу бассейні

	шынықтыру және спорт	Александрович	
25	Дене шынықтыру және спорт	Акжигитов Бахит Рустемович	Дельфин орталық жүзу бассейні
26	Дене шынықтыру және спорт	Жолдасов Асқар Нурланұлы	Тараз инновациялық көпсалалы колледжі
27	Дене шынықтыру және спорт	Болатбек Айбек Айтбекұлы	Тараз инновациялық көпсалалы колледжі
28	Бастапқы әскери дайындық	Калдаров Досмұхасан Мұханұлы	ҚР ҰҚК ШҚ Шекара Департаменті басшысы
29	Бастапқы әскери дайындық	Райымқұлов Байназар Сәкенұлы	ҚР ҰҚК ШҚ Шекара Департаменті басшысы
30	Бастапқы әскери дайындық	Нұржанұлы Диас	ҚР ҰҚК ШҚ Шекара Департаменті басшысы
31	Кәсіптік оқыту	Ешенбек Назми Біржанқызы	Заманауи гуманитарлық-техникалық колледж

#### Жалпы факультет бойынша:

№	Факультет	Ұсыныс алған студент саны	Қатысқан студент саны
1	Педагогика	-	60
2	Шығармашылық мамандықтар	14	70
3	Жаратылыстану	9	35
4	Заң	8	15
5	Экономика және бизнес	-	15
<b>Барлығы: 5</b>		<b>31</b>	<b>195</b>

Практикада жүрген студенттердің мақтауын жеткізіп дән риза екендігін білдіруге келген мекемедегі практика жетекшілеріде келіп сұхбат берді, мысалы, Тараз қаласының «Бүркітәлі» бастауыш мектебінің директоры, Жусан банк өкілі, БанкЦентрКредит өкілі, Ж.Жабаев атындағы № 5 мектеп-гимназия директоры, №9 балабақша меңгерушісі, «Асыл Мирас» аутизм орталығының басшысы т.б. өндіріс жетекшілері студенттерге өз кадрларын ұсынып диплом алған соң жұмысқа тұру туралы ұсыныстарын білдіріп кетті.

Факультеттер тарапынан ұсынған 38 білім беру бағдарламалары бойынша 81 мекеме (25 мектеп, 3 колледж, 8 құқық, 45 өндірістер) басшылары қатысты.

Нақты мәліметтерді төмендегі батырмалардан көруге болады.

<https://www.instagram.com/p/DH-eTYoM68W/?igsh=aW5weHR5MHcyd2Zo>

<https://jambylinfo.kz/zhambyl-zhanalyqtar/hr-forum-2025-pedagogikaly-ba-ytta-y-al-ash-y-k-n-s-tti-tti>

<https://jambylinfo.kz/zhanalyqtar/hr-forum-job-fair-zhas-mamandar-men-ndiris-kilderi-tarazda-bas-osty>

<https://www.facebook.com/share/1FWZRPKqKp/>

<https://www.instagram.com/reel/DIjHXWBMA-x/?igsh=azFrNWZ3b3NmOGMz>

**Ескертпе: Қонақтар тізімі мен тіркелуі, сауалнама жүргізілуі кьюар кодпен белгіленді.**







Түлектерді жұмыспен қамту және кәсіптік практика секторының жетекшісі



Ж.Сексенбаева